

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтығының бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 285 шешімі. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2020 жылғы 11 ақпанда № 8964 болып тіркелді.

Ескеरту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 26.09.2022 № 117 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Алтынсарин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округтің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округтің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Мәслихаттың "Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Щербаков ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 30 маусымдағы № 223 шешімінің (2014 жылғы 22 тамызда аудандық "Таза бұлақ – Чистый родник" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4983 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төраймы

Мәслихат хатшысы

А. Лингер

Б. Есмуханов

Мәслихаттың

2020 жылғы 16 қаңтардағы

№ 285 шешімімен

бекітілген

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 26.09.2022 № 117 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрыларатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округ тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2 Бөлім. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участкерлерге (ауылдар) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің әкімімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде жергілікті қоғамдастық бөлек жиынын өткізу ді Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық бөлек жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2020 жылғы 16 қантардағы
№ 285 шешіміне
қосымша

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ескеरту. Сандық құрам жаңа редакцияда - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 26.09.2022 № 117 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Елді мекеннің атауы	Костанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Костанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің Щербаков ауылының тұрғындары үшін	3
Костанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің Сатай ауылының тұрғындары үшін	2

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің Басбек ауылының тұрғындары үшін	1
Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округінің Косқұдық ауылының тұрғындары үшін	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК